Мы остановились лишь на минимальном проявлении коррупции, на самом же деле, если углубиться в данную проблему более глубоко – то мы с ужасом можем представить, что нас ожидает в недалеком будущем. Сказать то это будет рабовладельческий строй – не сказать ничего. Если не остановить коррупцию во всех ее проявлениях, и не пытаться искоренять ее в самом ее зачатке при выявлении, то мы получим больное, скудоумное, безпринципное общество. И на наш взгляд коррупция – это то социальное явление, которое ведет не только к расколу и распаду общественного строя, но и к «краху» всей России в целом. Так как с процветанием и укоренением коррупции на первое место выходят деньги, а вот нравственная и духовная составляющие необходимые для развития и процветания общества искореняются. Безнравственность и беззаконие являются нормой коррумпированного общества.

В Приложении 1 мы представляем для апробации схему выявления коррумпированных лиц. Данная схема универсальна и может применяться в любой отрасли.

*Кто способен извлекать  
корысть из общественных дел,  
способен и на окрадывание могил.  
Плутарх*

#### Библиографический список

1. <https://history.wikireading.ru/153056>
2. <https://poznayka.org/s20766t2.html>
3. <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/DEKRET/18-05-08.htm>
4. <http://www.kremlin.ru/acts/bank/23543>
5. <https://www.mk.ru/social/2021/03/10/pedagogi-vyshli-v-lidery-po-obemam-korrupcii-100-tysyach-za-ekzamen.html>
6. [https://zdrav.expert/index.php/Статья:Взятки\\_и\\_другие\\_преступления\\_в\\_медицине#](https://zdrav.expert/index.php/Статья:Взятки_и_другие_преступления_в_медицине#).
7. <https://www.turboreferat.ru/organization-theory/teoriya-racionalnoj-bjurokratii-mvebera/21989-110035-page1.html>
8. [https://spravochnick.ru/pravo\\_i\\_yurisprudenciya/sobornoe\\_ulozhenie\\_1649\\_goda\\_ego\\_pri\\_nyatie/](https://spravochnick.ru/pravo_i_yurisprudenciya/sobornoe_ulozhenie_1649_goda_ego_pri_nyatie/)



### III. INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES AND THEIR APPLICATION IN THE SOCIO-CULTURAL LIFE OF SOCIETY



#### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ EDN NUNGLN



А. А. Садвақасова  
Г. Ж. Омарова

*Магистрант, Аға оқытушы,  
PhD доктор,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

---

**Summary.** The article examines the meaning and content of forming information competence of primary school students. The concept of information competence is explained. The importance of students' work with sources is emphasized in language classes.

**Keywords:** elementary school student; information competence; work with sources; information activity; updated education.

---

Білім беру үдерісінде қалыптасатын негізгі құзыреттерге ақпараттық құзіреттіліктер жатады, яғни оқу пәндері мен білім беру салаларындағы, сондай-ақ қоршаған дүниедегі ақпаратқа қатысты әрекет дағдылары (Хуторской 2005).

Қазіргі педагогика ғылымында «ақпараттық құзіреттілік» ұғымы әр жақты түсіндіріледі. Жалпы мағынада жеке тұлғаның ақпараттық құзыреттілігі деп ауызша және жазбаша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты өз бетінше іздеу, таңдау, талдау, жүйелеу, ұсыну және беру қабілеті түсініледі. Ақпараттық құзыреттілікті әртүрлі тәсілдермен құрылымдай отырып, зерттеушілер осы құзыреттің құрамдас бөліктері ретінде мыналарды анықтайды:

- 1) адамның ақпаратпен әрекет етуге мотивациясының болуы;
- 2) ақпараттық әрекетке жеке тұлғаның құндылық бағдарларының болуы;
- 3) ақпарат, ақпараттық қызмет және ақпарат көздері туралы білімдер жүйесі;
- 4) ақпаратпен әрекет ету дағдылары мен әдістерінің жиынтығы;
- 5) ақпараттық қызмет нәтижелерін бағалау, өзінің ақпараттық іс-әрекетіне рефлексия жасау қабілеті;
- 6) тәжірибе – жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру және практикалық мәселелерді шешу (мінез-құлық) үшін ақпаратпен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері, үйренген жеке әрекеттерін біртұтас бүтінге біріктіру).

Ақпараттық құзіреттіліктің негізі – кез келген ақпараттық объектілермен жұмыс істеуге дайын болу және оны игерілген әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігі. Оқу әрекеті әртүрлі формада берілетін ақпаратпен жұмыссыз мүмкін емес. Оқу үдерісінде меңгерілетін білім – іздеп тауып, сығымдап, өңдеп, түсіндіріп, сақтап, пайдаланатын ақпарат. Осылайша, ақпараттық әрекет әмбебап ақпараттық оқу әрекеті түрінде нақты пәндік саланы оқушының меңгеруі арқылы жүзеге асырылады [1].

Бастауыш сынып оқушысы меңгеруі тиіс дереккөздермен жұмыс кешенін анықтауда, Т. Е. Соколованың көрсеткен ақпараттық әрекет құрылымын негізге аламыз. Оқу тапсырмасын қабылдау кезеңі үшін ақпараттық сұранысты түсіну, оқшаулау, нақтылау, ақпарат көзін таңдап, оның нақты ақпараттық сұранысқа жарамдылығын бағалау. Ақпаратты іздеу кезеңінде оқушы кез-келген қолжетімді дереккөздерімен тиімді жұмыс істей білуі керек: бақылауды бірізді және дұрыс жүргізу, тиімді әдістер арқылы іздеу ауқымын тарылта отырып мәтінді ақпаратпен жұмыс істеу. Бұл жерде тыңдалым немесе оқылым іске асады. Ақпаратты өңдеу кезеңінде ең негізгілерін бөліп алу, оқу тапсырмалары бойынша көлемін өзгертіп, құрастыру біліктері қолданылады. Ақпаратты сақтау кезеңінде қысқа немесе ұзақ мерзімге арналған ақпаратты кодтау әдісін таңдағанда, оқушы өзінің есте сақтау ерекшелігін саналы және дұрыс пайдалануы тиіс. Енді оқылымнан басқа айтылым мен жазылым да іске қосылады. Зерттеуші ақпаратты тасымалдаушыдан осындай арнайы біліктерді қолдануды талап етеді [2].

Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. «Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасында оқылым дағдысы бойынша түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу бөлімшесінде «иллюстрациялық материалдар, анықтамалықтар, сөздік, энциклопедиялардан берілген сұраққа жауап болатын ақпаратты табу» оқу мақсаты беріліп және ол әр сынып бойынша күрделеніп отырады [3].

Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартының өзгертілген жаңа нұсқасында алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар қатарында қойылғандықтан, енді ғана осы жұмысқа көңіл бөлініп отыр. Жаңартылған білім мазмұнын меңгеруде тұлғалық, пәндік нәтижелерді қамтамасыз етудегі дереккөздермен жұмыстың рөлі бастауыш сыныпта оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігін негіздейді.

### Библиографиялық тізім

1. Зайченко Т.П. Информационная культура как психолого-педагогический фактор развития универсальных учебных действий школьников // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. – 2013. – № 155. – С. 102–109.



2. Соколова Т.Е. Информационная культура младшего школьника как педагогическая проблема: Учебно-методическое пособие. – 2-е изд. – Самара: Изд-во «Учебная литература»: Изд.дом «Федоров», 2008. – 32 с.
3. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ТҮЙІНДІ ҰҒЫМДАР

EDN YSEMFM



Н. Т. Сартаева

*PhD доктор,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

---

**Summary.** The article discusses the key concepts of developing information literacy for primary school students. The concepts of information literacy and information resource are explained. The complexities of the information environment are also indicated.

**Keywords:** information, information literacy; primary school student; resource; information environment.

---

Қазіргі қоғамдағы күн сайынғы болып жатқан өзгерістер аясында әрбір адам мол ақпараттар легіне ие болуда. Осы орайда ақпараттардың ақиқаттығына, дәлдігіне, шынайылығына көз жеткізу үшін ақпараттық тұрғыда сауатты болуының маңызы зор. Бұл міндет ерте жастан бастап қалыптастырылуы да заман талабынан туындаған қажеттілік деп айтуға болады. Осы міндеттердің бірі – бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру. Бастауыш мектептегі ақпараттық сауаттылық – өздігінше ақпаратпен жұмыс жасай алу білігінің болуы. Мұндай біліктер оқу сабақтарында, факультативте, үйірмелерде қалыптасады және ақпарат іздеу, өңдеу, ұйымдастыруды болжайтын үй тапсырмасын орындау барысында қолданылады. Ақпараттық сауаттылыққа қатысты түйінді ұғымдарды қарастырайық.

Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру үшін, бастауыш сыныпта білім беру үдерісін ақпараттандыру керектігі мәлім. Ал ақпараттандыру дегеніміздің өзі – қазіргі қоғамды басқару мақсатында жүзеге асырылуы тиіс іргелі іс-шаралар жүйесі. Ол іс-шаралардың және құрал-жабдықтардың барлығы бір орталық нүктеден таратылуы тиіс болады. Сондықтан осы мақсатқа қажетті ақпараттық-білім беру ортасы – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру әрекетін жүзеге асыру үшін қажет жағдайды қамтамасыз етуші құралдар мен ресурстар жүйесі де ақпараттандырудың маңызды компоненті екендігі айқындалады.

Ақпараттық ресурстар – жүйелі түрде жинақталған, жүйелілікпен қолданушыға қызмет етіп, оның білімі мен білігін дамытатын, сапалы құралға айналуы үшін, қолданушының «ақпараттық мәдениетін» қалыптастыру қажеттілігі де туындайды. «Ақпараттық мәдениет» ұғымы, көбіне, компьютерлік техниканы қолданғанда айтылады. Ақпараттық мәдениетті ақпаратпен жүйелі жұмыс істей білу және оны іздеп табу, өңдеу, тасымалдау үшін жаңа компьютерлік ақпараттық технологияларды, техникалық құралдарды, әдістерді пайдалана білудеп тану да, біздіңше, өте дұрыс [1]. Сонымен қатар, басқа ғалымдардың ақпараттық мәдениетті түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасай білу деген пікірлерін де, соған қоса тағы бір топ ғалымдардың ақпараттық мәдениетті – ойлау мәдениеті, таным мәдениеті деп есептеуін де қабылдаймыз.

Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық ортамен өзара әрекетіндегі ең басты қиындықтарын атап көрсетуге болады. Олар: ақпаратты ажырата білмеу (ақпаратты түсінбеу, мәнін ұғынуға қызықпау, бейғамдық); ақпараттың оқушыға шамадан тыс жүктелуі (оқушының жасына, шамасына сай келмеуі, шектен тыс көлемде болуы); ақпараттық қауіпсіздіктің болмауы (ақпараттың тұтастығын, қолжетімділігін сақтамау, құпиялылықтың болмауы); ақпараттық қараусыздық (оқушыға қажет ақпараттың бақылауда болмауы) [2]. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық өніммен жұмыс жасауы, көбінесе, ересектер тарапынан назардан тыс қалып жатады. Ең алдымен айтып кетуге болатын тұсы – мұғалімдер бұқаралық ақпарат құралдарын бастауыш сынып оқушылары үшін жағымсыз әсер етеді деп қабылдайтындығы. Бұл, кей жағдайда, мұғалімдердің өздерінің ақпараттық кеңістікке бағдарлануының әлсіздігі себебінен де орын алады. Сонымен қоса, ересектердің, тіпті бірқатар мұғалімдердің де пікірінше, балаларды ақпараттық қараусыздықтан құтқарудың бірден-бір жолы – бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысын шектеу. Шындығында бұл дұрыс емес, себебі қазіргі даму кезеңінде әлемдік білім беру үдерістері арқылы ақпараттық үдерістер орын алып жатыр. Яғни, бүгінгі таңдағы тағы маңызды бір мәселе – бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық талғамын қалыптастыру және мейірім, ұят, толеранттылық тағы басқа жалпы адамгершілік нормалар мен құндылықтар жүйесіне енетін ақпараттық қажеттіліктерді дамыту. Бұл мәселенің маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық технологиямен жұмыс жасауын қалыптастыру мәселесінен еш кем тұрмайтынын да атап кетуіміз керек.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру үшін ақпараттық орта құрып, ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ете отырып, ақпараттық мәдениеті мен талғамын қалыптастыруымыз қажет. Ол үшін мектеп-ата-ана-қоғам бірлескен әрекеті аса маңызды.

### Библиографиялық тізім

1. Кеңесбаев С. М., Сартаева Н. Т. Бастауыш сынып оқушыларының ақпаратпен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру жолдары // «7th International conference on Eurasian scientific development» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Австрия: Венгрия, 2015. – (30 қараша). – Б. 93–96.
2. Исаев Г. Н. Информационные технологии: учебное пособие. – М.: Омега-Л., 2012. – 464 с.



## IV. INFORMATIZATION AND FEATURES OF THE DIALOGUE OF CULTURES DEVELOPMENT



### МӘДЕНИЕТТЕР ДИАЛОГЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ

EDN ZSBZDZ



**М. Ө. Насимов**

*Саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
Қызылорда «Болашақ» университеті,  
Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қызылорда «Болашақ» университеті,  
Қызылорда қ., Қазақстан*

**Ә. С. Боранбаев**

*педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қызылорда «Болашақ» университеті,  
Қызылорда қ., Қазақстан*

---

**Summary.** Innovation values represent a set of principles and beliefs that prioritize and promote creativity, originality, and the search for new ideas and solutions. These values recognize the importance of innovation in various aspects of human endeavor, including technology, science, business, and social progress. This article deals with the development of innovative values in the dialogue between cultures. The authors of the article identify five directions that contribute to the development of innovative values in the dialogue of cultures.

**Keywords:** innovation; innovative values; members of society.

---

Түбегейлі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер инновациялық құндылықтарды дамытуға қуатты ынталандыру болды. Көптеген ғалымдар еңбектерінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға назар аударылып, мәселенің іргелі және қолданбалы негіздерін анықтау басымдыққа ие болды. Құндылықтардың қалыптасуының эволюциялық процесі гуманистік пікірлерді негіздеуден басталып, әлеуметтік түсініктерді байыту арқылы мәдени тұжырымдамаларды бекітеді. Дегенмен, ғалымдардың аксиологиялық зерттеулері қазіргі заман сұранысына сай нәтижелерді бермей отыр. Қоғамның жоғары мұраттарға ұмтылысы құндылықтар шеңберіндегі әрекеттерді қалыптастыру процесімен байланысты. Бұл көбінесе қоғам мүшелері қалыптастырған құндылықтар жүйесінде көрініс табады. Зерттеу нысаны мен пәніндегі негізгі мәселелер басты назарымызда болғандықтан, қоғам мүшелері іс-әрекетінің ерекшеліктері, тұлғалық қасиеттері ғалымдар еңбектеріндегі құндылық басымдықтарын талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға бағдарланған әрекеттерді айқындайды. Осылайша, қоғам мүшелерінің құндылықтары негіздерін құру барысында бағалау өзегін құрайтын дәстүрлі құндылықтар мен заман талабына сай үндесетін инновациялық құндылықтар қалыптасты деп ойлаймыз [1, 105 б.].

Мәдениеттер диалогындағы инновациялық құндылықтарды дамыту түрлі мәдени топтар арасындағы идеялар мен тәжірибе алмасуды қамтиды. Мәдениеттер арасындағы диалог инновациялық құндылықтарды дамытуда келесі бағыттар бойынша үлес қоса алады:

1. Мәдени әралуандылық инновацияның көзі болып табылады [2, р. 209–223]. Мәдениеттер диалогында түрлі мәдени дәстүрлер ойлаудың және мәселені шешудің ерекше тәсілдерін туындатады. Осы мәдениетаралық байланыс түрлі тәжірибелер, білім жүйелері мен басымдықтарға негізделген инновациялық идеяларды жасай алады.

2. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқыту адамзат әрекетін дамытуға ықпал жасайды [4]. Бұл озық тәжірибелерді енгізумен байланысты. Мәдени диалог қоғамға бір-бірінің жетістіктері мен қиындықтарынан сабақ алуға мүмкіндік береді. Түрлі мәдениеттердің озық тәжірибелерін қабылдау арқылы қауымдастықтар басқару, технология және әлеуметтік жүйелер секілді салаларда жаңалықтарды енгізе алады.

3. Мәдени кәсіпкерлік өнерде және бизнестегі инновацияларды ілгерілетеді [6]. Мәдени диалог жеке адамдар мен қауымдастықтар өздерінің мәдени құндылықтарын инновациялық өнімдер мен қызметтерді жасау үшін пайдаланатын мәдени кәсіпкерлікті дамытады. Бұл өнердің бірегей түрлерін, мәдени туризмді және шығармашылық индустрияны дамытуға ықпал жасайды.

4. Тілдік және коммуникациялық инновациялар көптілді және мәдениетаралық коммуникацияның белгісі болып табылады [5]. Мәдениеттер диалогында тілдер мен мәдени контексттер арасындағы тиімді қарым-қатынас қажет. Бұл қажеттілік тілдік технологияларда, аударма қызметтерінде және мәдениетаралық коммуникация құралдарында инновацияларға түрткі бола алады.

5. Ғылыми-зерттеу мен әзірлемелер дайындаудың ғаламдық саласындағы ынтымақтастық ғылыми-техникалық жетістіктерге әкеледі [3]. Диалогқа қатысатын мәдениеттер ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобалар бойынша ынтымақтасады. Осы жаһандық ынтымақтастық жаһандық мәселелерге инновациялық шешімдерді ынталандыру арқылы ғылыми-техникалық прогресті ілгерілетеді.

Әрине, бір мақала шеңберінде мәдениеттер арасындағы диалогтың инновациялық құндылықтарды дамытудағы барлық үлестерін атау мүмкін емес. Инновациялық құндылықтар жылдам технологиялық прогресс, жаһандық өзара байланыс және күрделі сынақтармен сипатталатын әлемде өте маңызды деп ойлаймыз. Аталмыш құндылықтарды қабылдау үздіксіз жетілдіру мәдениетін, тұрақтылық пен болашақта тиімді бағдарлану және қалыптастыру қабілетін дамытады.

Жоғарыда айтылған пікірлерге сәйкес, инновациялық құндылықтарды түсіну барлық азаматтар үшін бірдей емес, олардың қабылдауы уақыт өте келе жаңа идеялар мен тәжірибелердің ықпалынан өзгереді. Қоғамдық білім беру, хабардар ету науқандары және

қауымдастықтың араласуы инновацияны бағалайтын және түсінетін мәдениетті дамытуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, мәдениеттер арасындағы диалог түрлі мәдени ландшафттар бойынша ынтымақтастыққа, білім алуға және идеялар алмасуға ықпал ететін инновациялық құндылықтарды дамытудың динамикалық платформасы ретінде қызмет етеді. Осы бай өзара іс-қимыл адамзаттың ұжымдық даналығынан қуат алатын жаһандық инновациялар мәдениетін дамытады.

**Қаржыландыру.** Берілген мақала «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19577138.

### Библиографиялық тізім

1. Паридинова Б. Ж., Әбікенов Ж. О. Жаһандану шарттарында туындаған өзгерістер динамикасындағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтар // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және мәдениеттану сериясы. – 2023. – № 3 (85). – 97–107 бб.
2. Al-Nakim L., Jin C. Innovation in business and enterprise: Technologies and frameworks. – IGI Global, 2010. – 374 p.
3. Al-Youbi A., Zahed, A. H. M., Tierney, W. G. Successful global collaborations in higher education institutions. – Cham: Springer Nature, 2020. – 93 p.
4. Peter B. Beyond human acting to post-human acting towards a new theory of attachment and detachment. – Nova Science Publishers, Inc., 2020. – 915 p.
5. Snyder I. Silicon literacies: Communication, innovation and education in the electronic age. – Routledge, 2002. – 208 p.
6. Wlodarczyk S. Copyright law: Lies, distortions, and the market economy // Journal of International Business and Economics. – 2015. – № 15(1). – P. 59–75.



**ПЛАН МЕЖДУНАРОДНЫХ КОНФЕРЕНЦИЙ,  
ПРОВОДИМЫХ НА БАЗЕ  
НАУЧНО-ИЗДАТЕЛЬСКОГО ЦЕНТРА «СОЦИОСФЕРА» В 2024 ГОДУ**

<b>Дата</b>	<b>Название</b>
15–16 января 2024 г.	Информатизация общества: социально-экономические, социокультурные и международные аспекты
17–18 января 2024 г.	Развитие творческого потенциала личности и общества
25–26 января 2024 г.	Региональные социогуманитарные исследования: история и современность
5–6 февраля 2024 г.	Актуальные социально-экономические проблемы развития трудовых отношений
15–16 февраля 2024 г.	Психология XXI века: теория, практика, перспективы
16–17 февраля 2024 г.	Общество, культура, личность в современном мире
20–21 февраля 2024 г.	Инновации и современные педагогические технологии в системе образования
5 марта 2024 г.	Вопросы науки в современном мире
15–16 марта 2024 г.	Социально-экономическое развитие и качество жизни: история и современность
25–26 марта 2024 г.	Актуальные вопросы теории и практики филологических исследований
29–30 марта 2024 г.	Развитие личности: психологические основы и социальные условия
5–6 апреля 2024 г.	Народы Евразии: история, культура и проблемы взаимодействия
10–11 апреля 2024 г.	Проблемы и перспективы развития профессионального образования в XXI веке
15–16 апреля 2024 г.	Информационно-коммуникационное пространство и человек
25–26 апреля 2024 г.	Детство, отрочество и юность в контексте научного знания
28–29 апреля 2024 г.	Культура, цивилизация, общество: парадигмы исследования и тенденции взаимодействия
15–16 мая 2024 г.	Психолого-педагогические проблемы личности и социального взаимодействия
25–26 мая 2024 г.	Инновационные процессы в экономической, социальной и духовной сферах жизни общества
3 июня 2024 г.	Вопросы науки в современном мире
9–10 сентября 2024 г.	Проблемы современного образования
15–16 сентября 2024 г.	Новые подходы в экономике и управлении
20–21 сентября 2024 г.	Традиционная и современная культура: история, актуальное положение и перспективы
5 октября 2024 г.	Вопросы науки в современном мире
13–14 октября 2024 г.	Цели, задачи и ценности воспитания в современных условиях
15–16 октября 2024 г.	Личность, общество, государство, право: проблемы соотношения и взаимодействия
17–18 октября 2024 г.	Тенденции развития современной лингвистики в эпоху глобализации
25–26 октября 2024 г.	Социально-экономическое, социально-политическое и социокультурное развитие регионов
1–2 ноября 2024 г.	Религия – наука – общество: проблемы и перспективы взаимодействия
15–16 ноября 2024 г.	Проблемы развития личности: многообразие подходов

20–21 ноября 2024 г.	Подготовка конкурентоспособного специалиста как цель современного образования
25–26 ноября 2024 г.	История, языки и культуры славянских народов: от истоков к грядущему
28 ноября 2024 г.	Вопросы науки в современном мире
1–2 декабря 2024 г.	Практика коммуникативного поведения как объект социально-гуманитарных исследований
3–4 декабря 2024 г.	Проблемы и перспективы развития экономики и управления



## ИНФОРМАЦИЯ О НАУЧНОМ ЖУРНАЛЕ

Название	Профиль	Периодичность	Наукометрические базы	Импакт-фактор
Научно-методический и теоретический журнал «Социосфера»	Социально-гуманитарный	Март, июнь, сентябрь, декабрь	<ul style="list-style-type: none"> <li>• РИНЦ (Россия),</li> <li>• Directory of open access journals (Швеция),</li> <li>• Open Academic Journal Index (Россия),</li> <li>• Research Bible (Китай),</li> <li>• Global Impact factor (Австралия),</li> <li>• Scientific Indexing Services (США),</li> <li>• Cite Factor (Канада),</li> <li>• International Society for Research Activity Journal Impact Factor (Индия),</li> <li>• General Impact Factor (Индия),</li> <li>• Scientific Journal Impact Factor (Индия),</li> <li>• Universal Impact Factor</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Global Impact Factor – 1,881,</li> <li>• РИНЦ – 0,197.</li> <li>• SJIF – 6,07</li> </ul>

## ИЗДАТЕЛЬСКИЕ УСЛУГИ НИЦ «СОЦИОСФЕРА»

Научно-издательский центр «Социосфера» приглашает к сотрудничеству всех желающих подготовить и издать книги и брошюры любого вида:

- учебные пособия,
- авторефераты,
- диссертации,
- монографии,
- книги стихов и прозы и др.

Книги будут изданы в России  
(в выходных данных издания будет значиться –  
*Пенза: Научно-издательский центр «Социосфера»*)

Мы осуществляем следующие виды работ.

- редактирование и корректура текста (исправление орфографических, пунктуационных и стилистических ошибок),
- изготовление оригинал-макета,
- дизайн обложки,
- присвоение ISBN,
- печать тиража в типографии,
- обязательная отсылка 16 экземпляров в Российскую книжную палату,
- отсылка книг автору.

Возможен заказ как отдельных услуг, так как полного комплекса.

Science Publishing Centre «Sociosphere»  
Kyzylorda University "Bolashak"  
Penza State Technological University  
Volgograd Institute of Management – branch of RANEPА  
Bukhara University of Innovation

# **INFORMATIZATION OF SOCIETY: SOCIO-ECONOMIC, SOCIO-CULTURAL AND INTERNATIONAL ASPECTS**

Materials of the XIII international scientific conference  
on January 15–16, 2024

Articles are published in author's edition.  
The original layout – I. G. Balashova

Подписано в печать 01.02.2024. Формат 60x84/16.  
Бумага писчая белая. Усл.-печ. л. 2.  
Тираж 500 экз.

ООО Научно-издательский центр «Социосфера»  
440046, Россия, г. Пенза, ул. Мира, д. 74–14.  
Тел. +79677016814  
веб-сайт: <http://sociosphaera.com>  
e-mail: [sociosphere@yandex.ru](mailto:sociosphere@yandex.ru)

Типография ООО «Амирит»: 410004, г. Саратов,  
ул. им. Н. Г. Чернышевского, д. 88У. Тел. (8452) 24-85-33